



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Апелляциялар мен шағымдарды қарастыру жөніндегі комиссиясы туралы ереже



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

«Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі» КЕМ

директорының 2016 жылғы
01.09. №33-16-ОД бұйрығымен
бекітілді

(2018 жылғы 25 мамырдағы № 68-
18/1-ОД бұйрығымен өзгертулер
мен толықтырулармен енгізілген)

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Апелляциялар мен шағымдарды қарастыру жөніндегі комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1 Білім беру ұйымдарының мүдделерін, кепілдігін қорғауды қамтамасыз ету және құқықтарын сақтау мақсатында, сондай-ақ институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу рәсімін өтіп жатқан немесе өткен білім беру ұйымының апелляцияларын немесе шағымдарын қарастыру үшін, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі жаңында Апелляциялар мен шағымдарды қарастыру жөніндегі комиссиясы қызмет етеді (бұдан әрі—Комиссия).

1.2 Осы Ережеде қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Апелляция –бұл заңды тұлғаның Сыртқы сараптау комиссиясының (бұдан әрі—ССК) ұсыныстары нәтижелерімен және (немесе) Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі—АРТА) Аккредиттеу кеңесінің (бұдан әрі—АК) шешімімен келіспеу туралы дәлелді жазбаша өтініші.

Жеке тұлға – АРТА өткізетін білім беру ұйымын аккредиттеуге немесе АРТА-да жетістікпен аккредиттеуден өткен, аккредиттеудің қолданыстағы мерзімімен аккредиттелген білім беру ұйымына тікелей немесе жанама қатысы бар, білім алушыларды, олардың ата-аналарын, жұмыс берушілерді және т.б. қоса отырып, кез-келген мүдделі тұлға.

Заңды тұлға – АРТА өткізетін білім беру ұйымын аккредиттеуге немесе АРТА-да жетістікпен аккредиттеуден өткен, аккредиттеудің қолданыстағы мерзімімен аккредиттелген білім беру ұйымына тікелей немесе жанама қатысы бар, жоғары оқу мекемелерін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын, медициналық білім беру ұйымдарын және тағы басқаларды қоса отырып, меншік нысанына байланыссыз кез-келген мүдделі тұлға.

Өтініш беруші – апелляция немесе шағым берген, заңды тұлға ретіндегі жеке тұлға немесе білім беру ұйымы.

Шағым – аккредиттеу туралы куәлігі қызмет ету мерзімі өткенге дейін АРТА-да жетістікпен аккредиттеуден өткен, білім беру ұйымына қызметтерді көрсету сапасымен байланысты, сондай-ақ институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеуден өту кезінде АРТА қызметкерлерінің немесе ССК мүшелерінің әрекеттерімен байланысты бұзылған құқықтары немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру және қорғау туралы жеке немесе заңды тұлғаның наразылық білдіруі, талабы.

1.3 Комиссия білім беру ұйымы басшысының қолтаңбасы қойылған ресми бланкіде жазбаша түрде алынған өтініш берушінің апелляциясын қарастырады, шағымдар 010000 Астана қ. Б.Момышұлы 2 т.е.ү. 4г мекенжайы бойынша АРТА директорының атына ерікті түрде жеке немесе заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының қолтаңбасы қойылған жазбаша түрде ресімделеді, ол кіріс ақпараты журналында тіркеледі және Комиссия төрағасына жіберіледі. Ауызша өтініштер қабылданбайды.

2. Комиссия құрамы

2.1 Комиссия өз қызметін АРТА алқалық органы ретінде жүзеге асырады.

Комиссия өз қызметінде:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін;
- 3) Қазақстан Республикасының басқа заңдары мен нормативтік-құқықтық актілерін;
- 4) білім беру ұйымдарын аккредиттеу саласында халықаралық шарттар мен келісімдерді;
- 5) осы Ережені және АРТА нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

2.2 Комиссия 5 (бес) тәуелсіз мүшеден тұрады, олардың ішінде 2 тұрақты мүше (төраға және төрағаның орынбасары) және 3 тұрақсыз мүше (магистратура немесе докторантура үйретушісін қоса отырып).

2.3 Комиссияның тұрақты мүшелері жұмыс берушілер кәсіби ассоциацияларының ұсыныстары негізінде қалыптастырылады және АРТА құрылтайшысының шешімімен бекітіледі.

Егер Комиссия төрағасы отырысқа қатыса алмаса, онда оның өкілеттіктерін орынбасар атқарады.

Комиссия тұрақты мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Комиссия тұрақты мүшелерінің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін тұрақты мүшелердің жаңа құрамы жоғарыда аталған принцип бойынша сайланады. Өз міндеттерін тиісті орындаған жағдайда Комиссияның қызмет ететін тұрақты мүшелерінің өкілеттік мерзімін АРТА құрылтайшысының шешімімен ұзартуға болады.

Комиссияның тұрақты мүшесі бір уақытта АҚ мүшесі бола алмайды.

2.4 Комиссияның тұрақсыз мүшелерін (соның ішінде магистратура немесе докторантураның үйретушісі) апелляциялар мен шағымдарды жан-жақты және объективті қарастыру үшін қызметтің бейіні бойынша білікті мамандар ретінде жұмыс берушілер, басқа білім беру ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ АҚ мүшелері және АРТА сарапшылары болып табылмайтын, басқа мүдделі тұлғалар арасынан Комиссия төрағасы қалыптастырады және АРТА директорының бұйрығымен ресімделеді.

Комиссия құрамына қосқанға дейін үміткер, оның Комиссия жұмысына қатысуына кедергі келтіретін жағдайлардың бар болуы туралы АРТА директорына хабарлауға міндетті.

Өтініш берушінің апелляцияларын немесе шағымын қарастыру кезінде мүдделер қайшылығы бар Комиссияның тұрақсыз мүшелері, апелляция немесе шағым туралы шешімді қабылдауға қатыспайды.

Комиссия тұрақсыз мүшелерінің өкілеттік мерзімі апелляция немесе шағымды қарастыру мерзіміне тең.

2.5 Комиссия үшін әкімшілік қолдауды (Комиссияның тұрақты хатшысы), білім беру бағдарламасын немесе білім беру ұйымын бағалау рәсімдеріне қатыспайтын, заңды мәселелер бойынша кеңес беруші АРТА қызметкері қамтамасыз етеді.

2.6 Комиссия мүшелері құпияны сақтау тиіс.

2.7 Комиссия мүшелері:

- жеке өтініші;

- Комиссия мүшесінің қызметі осы Ереженің 4 тармағында аталған, нормативтік-құқықтық құжаттарға, АРТА Жарғысына және АРТА өзге ішкі құжаттарына қайшылық келтіру негізінде босатылуы мүмкін.

2.8 Комиссия мүшелері өз функцияларын өтеусіз негізде жүзеге асырады.

2.9 Ешбір тұлға (тұлғалар тобы) Комиссия шешім қабылдауға әсер етпеуі тиіс.

2.10 Өндірістік қажеттілік жағдайында АРТА Комиссия мүшелерінің іссапар шығындарын өтеу мүмкін.

3. Келесілерді беру үшін негіз:

3.1. апелляцияны

3.1.1 Өтініш берушінің апелляциясын қарастыру білім беру ұйымының институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеу қайта рәсімін өткізу болып табылмайды.

3.1.2 Егер білім беру ұйымы институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеудің қорытындылары бойынша АРТА АҚ шешімімен немесе аккредиттеу мерзімімен келіспесе, онда АРТА АҚ

қабылдаған шешімі туралы жазбаша хабарлаған уақытынан бастап, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Комиссияға жүгінуге құқығы бар.

3.2. шағымдар

3.2.1 Өтініш берушінің шағымын қарастыру білім беру ұйымының институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеу қайта рәсімін өткізу болып табылмайды.

3.2.2 Шағым объектісі, егер өтініш берушінің құқықтары мен міндеттері бұзылса, АРТА қызметкерлері мен сыртқы сарапшыларының кез-келген шешімдері, әрекеттері және әрекетсіздігі, сондай-ақ АРТА аккредиттелген білім беру ұйымына да, АРТА аккредиттеген білім беру ұйымының өзіне де аккредиттеуден өткеннен кейін білім беру сапасы бойынша білім беру ұйымы көрсеткен қызметтер болуы мүмкін.

4. Құжаттар, қарастыру рәсімі және шешімдер:

4.1. апелляция бойынша

4.1.1 Білім беру ұйымы аккредиттеуді өткізу уақытынан бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде АРТА АК аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді алады.

4.1.2 Апелляция білім беру ұйымы АРТА АК қабылданған шешім туралы жазбаша хабарландыруды алу уақытынан бастап келесі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде беріледі.

4.1.3 Апелляция бірінші басшы қол қойған, білім беру ұйымының ресми бланкінде АРТА директорының атына жазбаша өтініш түрінде беріледі, онда:

- аккредиттеу процессі өткізілген, білім беру ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының атауы, келіспеуге болатын, аккредиттеу нәтижелері;

- негіздемелері көрсетіледі.

4.1.4 Комиссия апелляцияны алғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде шешім қабылдайды.

Комиссия шешімі ақырғы болып табылады, жазбаша түрде ресімделеді және хаттамада көрсетіледі.

Қайта апелляция жүргізілмейді. Апелляция нәтижелері бойынша наразылықтар қарастырылмайды.

4.1.5 Комиссия отырысы жабық болып табылады және байланыстың интерактивті құралдарын пайдаланумен өткізілуі мүмкін (бейнеконференция, Skype және басқа).

4.1.6 Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жартысынан артық саны қатысса заңды болып саналады.

4.1.7 Апелляция туралы шешім Комиссия мүшелерінің дауыстары көпшілігі негізінде қабылданады және Комиссия төрағасы мен оның мүшелері қол қоятын, хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.1.8 Апелляцияны қарастыру нәтижелері бойынша Комиссия келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- жаңа шешімді шығару;
- қанағаттандырудан бас тарту.

4.1.9 Комиссия шешімдері негізделген және қабылданған шешімге шағым беру құқығын түсіндірумен өтініш берушінің дәлелдерін растайтын, нақты фактілерден тұруы тиіс.

4.1.10 Шешім қабылданғаннан кейін АРТА Комиссиясы 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өтініш берушіге жазбаша түрде хабарлайды.

4.1.11 Шешім өзгерген жағдайда АРТА оны орындау бойынша қажетті рәсімдерді өткізеді.

4.1.12 Өтініш беруші Комиссия қабылдаған шешімге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта шағым бере алады.

4.2. шағым бойынша

4.2.1 Шағым ерікте түрде ұсынылады (егер жеке тұлға болса, онда аты-жөні, нақты пошта мекенжайының байланыс ақпараты, шағым беру мәні, қандай білім беру ұйымы және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша, дауласу тақырыбы бойынша нақты қалыптастырылған талаптар, қолтаңбасы көрсетіледі, егер ол заңды тұлға болса, онда ұйымның атауын, оның орналасқан орнын, нақты пошта мекенжайын, шығыс нөмірін және күнін, шағым беру мәнін, дауласу тақырыбы бойынша нақты қалыптастырылған талаптарды көрсетіп, ұйым басшысы қолтаңбасын қояды).

4.2.2 Шағым АРТА-да тіркеледі және Комиссия төрағасына беріледі.

4.2.3 Шағым кез-келген уақытта, бірақ АРТА берген аккредиттеу туралы куәліктің қызмет ету мерзімі өтіп кеткенге дейін беріле алады.

4.2.4 Егер білім беру ұйымы, аккредиттеу рәсімін өткізу кезеңінде АРТА көрсетететін қызметтерімен қанағаттанбаса, онда ол туралы білім беру ұйымына келген АРТА өкіліне немесе сыртқы сараптау комиссиясы төрағасына хабарлау тиіс.

Егер білім беру ұйымы орнында проблеманы шеше алмаса, оның АРТА-ға шағым жазуға құқығы бар.

4.2.5 Шағымды қарастыру кезінде Комиссия коммерциялық құпияны және жеке деректерді құрайтын, құпиялылықты сақтайды.

4.2.6 Комиссия АРТА, білім беру ұйымы өзі және сыртқы сараптау комиссиясы дайындаған материалдарды қоса отырып, аккредиттеу рәсімін өткізу уақытында пайдаланылған барлық құжаттардың көшірмелерін, сондай-

ақ шағымда көрсетілген мәселенің мәнін шешу үшін қажетті құжаттарды сұратады, соның ішінде білім беру ұйымынан да.

Қажет болған жағдайда Комиссия Сыртқы сараптау комиссиясы төрағасы мен мүшелерінен қосымша ақпаратты (соның ішінде ауызша түрде) сұрата алады.

4.2.7 Қисынсыз ақпарат келіп түскен жағдайда Агенттік шағымды қабылдамайды.

Өтініш берушілердің аты-жөні көрсетілмей, жасырын берілген, қолтаңбасы жоқ, мәселенің мазмұны немесе шағым үшін негіз болған жағдайлар баяндалмаған шағымдары, сондай-ақ кейін орнында жойылған шағымдар қарастыруға жатпайды.

4.2.8 Комиссия шағымды алғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде шешім қабылдайды.

4.2.9 Комиссия отырысы жабық болып табылады және байланыстың интерактивті құралдарын пайдаланумен өткізілуі мүмкін (бейнеконференция, Skype және басқа).

4.2.10 Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жартысынан артық саны қатысса заңды болып саналады.

4.2.11 Шағым бойынша шешім Комиссия мүшелерінің дауыстары көпшілігі негізінде қабылданады және Комиссия төрағасы мен оның мүшелері қол қоятын, хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.2.12 Өтінішті қарастыру нәтижелері бойынша Комиссия келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) аккредиттеу мәртебесімен байланысты сұрақтар:

- қолданыстағы аккредиттеу туралы куәліктің қызметін тоқтату;

- қолданыстағы аккредиттеу туралы куәлікті кері шақырту.

2) аккредиттеу процестерімен байланысты сұрақтар:

- шағым сипатына байланысты, тиісті шараларды қабылдау.

4.2.13 Өтініш беруші Комиссия қабылдаған шешімге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта шағым бере алады.